

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 756 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 қаңтардағы № 148 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.01.21 № 148 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасында көші-қон процестерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Шетел азаматтарының Қазақстан Республикасында болуын құқықтық реттеудің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 қаңтардағы N 136 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 2000 ж., N 4, 55-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Шетелдік азаматтардың Қазақстан Республикасына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібінде:

4-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Визаның қолданылу мерзімі шетелдік азамат паспортының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 6 ай бұрын аяқталуы тиіс.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Еңбек қызметін жүзеге асыру үшін (жұмысқа) Қазақстан Республикасына келуге визаны тек Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің шетелдегі мекемелері ғана, олар болмаған жағдайда Қазақстан Республикасының арнайы уәкілетті өкілдері береді.";

13-тармақта "шетелдік азаматтар" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

23 - тармақта :

бірінші абзац "рұқсат беруден" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде белгіленген негіздемелер бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

1), 2), 3), 4), 5), 6) тармақшалар алынып тасталсын;
36-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Кетіру туралы шешімді сот қабылдайды. Бұл ретте шетелдік азаматтарды кетіруді ұйымдастыру үшін қажетті мерзімге ұстауға жол беріледі. Оларды ұстау ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде жүргізіледі."

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК